

"Құрылыс материалдары" мемлекеттік холдинг компаниясын құру туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1993 жылғы 24 тамыз N 727. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995.08.23. N 1161 қаулысымен.

Қазақстан Республикасы Президентінің "Шаруашылықты басқару органдары жүйесін жетілдіру туралы" 1993 жылғы 23 маусымдағы N 1291 Жарлығын орындау үшін және жаңа нарықтық құрылымдарды қалыптастыру мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Алматы қаласында орналастырылатын құрылыс материалдары мен бұйымдарын өндіру жөніндегі кәсіпорындардың, ұйымдар мен акционерлік қоғамдардың негізінде "Құрылыс материалдары" мемлекеттік холдинг компаниясы (бұдан былай - Компания) құрылсын.

2. Компанияға құрылыс материалдары өнеркәсібі мен құрылыс индустриясында өндірістің теңдестіріле дамуын жүзеге асыру, аталған саланы дамытудың мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыруға, тұрғын үй нарығын қалыптастыруға қатысу, республиканың құрылыс өнімдері мен қызмет көрсетуге деген қажетін неғұрлым толық қанағаттандыру, сондай-ақ тиянақты пайда алынуын қамтамасыз ету жөніндегі міндеттерді шешу жүктелсін.

3. Компания "Құрылыс материалдары" мемлекеттік-акционерлік өнеркәсіп концерні мен Қазақ Республикалық "Қазцемент" цемент және асбест-цемент өнеркәсібі кәсіпорындары концернінің құқықтары мен міндеттерінің құқылы мирасқоры деп белгіленсін.

4. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті бір айлық мерзімде қосымшаға сәйкес кәсіпорындардың, ұйымдардың, акционерлік қоғамдардың құрамында Компания құру жөніндегі құрылтай құжаттарының пакетін әзірлесін.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті Сәулет және құрылыс жөніндегі мемлекеттік комитетімен, "Құрылыс материалдары" мемлекеттік-акционерлік өнеркәсіп концернімен, Қазақ республикалық "Қазцемент" цемент және

асбест-цемент өнеркәсібі кәсіпорындары концернімен бірлесіп бір айлық мерзімде Компанияның мүліктік кешенін қалыптастыру жұмысын

аяқтайтын болсын.

6. Мыналардың күші жойылған деп саналсын:

Қазақ ССР Министрлер Советінің "Құрылыс материалдары" мемлекеттік-акционерлік өнеркәсіп концернін құру туралы" 1990 жылғы 28 желтоқсандағы N 547 қаулысы (ҚазССР ҚЖ, 1991 ж., N 5, 38-бап).

Қазақ ССР Министрлер Советінің 1990 жылғы 27 желтоқсандағы N 309 өкімі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы
Министрлер Кабинетінің
1993 жылғы 24 тамыздағы
N 727 қаулысына
Қосымша

"Құрылыс материалдары" мемлекеттік холдинг компаниясының
құрамына енетін кәсіпорындардың, ұйымдардың,
акционерлік қоғамдардың

Т І З Б Е С І

"Көктас" акционерлік қоғамы, Ақтөбе облысы, Мұғаджар стансасы.

"Қазмәрмәр" акционерлік қоғамы, Алматы облысы, Борандай
поселкесі

"Гипс" акционерлік қоғамы, Алматы облысы, Заречный поселкесі

"Мантра" акционерлік қоғамы, Алматы облысы, Борандай поселкесі

"Бұланды карьері" акционерлік қоғамы, Ақмола облысы, Макин
қаласы

"Орал құрылыс материалдары өндірістік бірлестігі" акционерлік
қоғамы, Орал қаласы

"Қарағанды бейруда" акционерлік-өндірістік бірлестігі,
Қарағанды қаласы

"Павлодар құрылыс материалдары" акционерлік қоғамы, Павлодар
қаласы

"Силикат" акционерлік қоғамы, Семей қаласы

"Пластик" акционерлік компаниясы, Алматы қаласы

"Темір-бетон" акционерлік қоғамы, Алматы қаласы

"Айнекос" акционерлік қоғамы, Алматы қаласы

"Павлодар картон-рубериод зауыты" акционерлік қоғамы,

Павлодар қаласы

"Жылуприбор" акционерлік қоғамы, Қарағанды қаласы

"Сазтөбе цемент зауыты" акционерлік қоғамы, Оңтүстік Қазақстан облысы, Сазтөбе поселкесі

"Цемент" акционерлік қоғамы, Семей қаласы

"Өскемен цемент зауыты" акционерлік қоғамы, Шығыс Қазақстан облысы, Октябрь поселкесі

"Оргтехстром" акционерлік қоғамы, Алматы қаласы

Ақтөбе қабырғалық құрылыс материалдары зауыты, Ақтөбе қаласы

Ақмола құрылыс материалдары өндірістік бірлестігі, Ақмола қаласы.

Жамбыл тәжірибелік-механика зауыты, Жамбыл қаласы

Қумалы асбесті кен байыту комбинаты, Жезқазған облысы, Сәтпаев қаласы

Жезқазған қабырғалық керамика материалдары зауыты, Жезқазған қаласы

"Теміртау өнеркәсіп-құрылыс индустриясы" комбинаты, Қарағанды облысы, Теміртау қаласы

Көкшетау жергілікті құрылыс материалдары өндірістік бірлестігі, Көкшетау облысы, Гранитный поселкесі

Қостанай темір-бетон бұйымдары комбинаты, Қостанай қаласы

"Керамика" ғылыми-өндірістік бірлестігінің жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, Павлодар облысы, Ақсу қаласы

Шымкент құрылыс материалдары өндірістік бірлестігі, Шымкент қаласы

Текелі кірпіш зауыты, Талдықорған облысы, Текелі қаласы

Көкшетау каолинді кен байыту комбинаты, Көкшетау облысы, Бірлестік поселкесі

Құрылыс материалдарын жобалау ғылыми-зерттеу институты, Алматы қаласы

"Қарағандыцемент" өндірістік бірлестігі, Қарағанды облысы, Ақтау поселкесі

Қарағанды асбест-цемент бұйымдары зауыты, Қарағанды облысы, Ақтау қаласы

Жамбыл гипс зауыты, Жамбыл қаласы

Текелі мәрмәр зауыты, Талдықорған облысы, Текелі қаласы

Майкөл гранит қазу жөніндегі карьері, Жамбыл облысы,

Мыңарал стансасы

"Көктал" кен қазу шағын кәсіпорны, Жамбыл облысы, Көктал

стансасы

Қордай табиғи тас қазу және ұқсату жөніндегі зауыты, Жамбыл облысы, Георгиевка селосы

Жетібай ұлутас Қазу және ұқсату жөніндегі бірлестігі, Маңғыстау облысы, Ескі Жетібай поселкесі

Петропавл қабырғалық силикат материалдар зауыты, Петропавл қаласы

Ақмола керамика комбинаты, Ақмола қаласы

"Шымкентасбестцемент" ұжымдық кәсіпорны, Шымкент қаласы

"Ақтауцементжөндеу" мамандандырылған кәсіпорны, Қарағанды облысы, Ақтау поселкесі

"Оргпроектцемент" кәсіпорны, Шымкент қаласы

"Құрылыс материалдары" акционерлік қоғамы, Қызылорда қаласы